

АҚМЕШТ

Жаннан қымбат оларға ар. Мен жастарға сенемін.

Мағжан



6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 46 (479)
17 қараша, 2022 жыл

Робот қалай асық ойнамақ дерсіз? Дидардың айтуынша, арнайы талпаттарды орындайтын роботтың жобасын дайындауға көп уақыт кетпеген.

— Жаңа роботты «асық ату» деп атадым. Өз жобам арқылы ұлттық ойынды насихаттағым келеді. Бұл роботтың мақсаты — асықтарды атып, шеңберден шығару. Жолдақшының бойымен асық сырғанап келеді, де резеңкеңі күшпен атылады. Алда болатын IT жарыста осы роботты таныстырмақпын, — дейді жас өнертапқыш.

Әрине, техниканың біздің балалардай асықпен түрлі ойын ойнай аласы анық. Дегенмен, көнеден жеткен ұлттық спорт түрінің қазіргі технологиямен ұштасқаны қуантады. Ес білгеннен IT игілігін көрген бұрын робот қарсыласын көргенде танырқай қоймас.

Осы мектептің 3 сынып оқушысы Аруна Данирова да 3D қалам арқылы түрлі бұйымды жасаумен айналысады. Ол — білім ордасындағы 3D модельдеу

достарына да тарту етуге болатын тамаша сыйлық, — деді Аруна Данирова.

Айта кету керек, былтыр қолға алынған «Бағдарламалау мектебі» жобасы № 3 IT мектеп-лицейінде 3 бағыт бойынша жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, жоба аясында мектепті басқару жұмыстарын автоматтандыру,

оқушыларға арналған 13 үйірме, сондай-ақ телестудия кабинеті жұмыс істейді. Қазір балалар осы арқылы IT әлемінің мүмкіндіктерін ашып, тәжірибе жинауда.

— Біздің мақсатымыз — оқушылардың шығармашылығын дамыту, яғни оқушылардың интеллектін ояту. Сондай-ақ, оқушының бос уақытын тиімді пайдалануға үйрету. Шақиртеріміз бос уақытында мектепке келіп, мұғалімдермен жұмыс істеп, өздерінің қабілетін дамытады, — дейді №3 IT мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі Гүлжазира Әбдіразақова.

Білім ұясының басшылығы алдағы уақытта техникалық бағамы жетілдіру үшін жұмыстар атқарылатынын айтты. Қуантарлығы, қазірдің өзінде ұлттық мәдениетімізді дамытуға арналған жобалар жасалуда. Бұл нәтижелі жұмыстың басы деп білеміз.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

АСЫҚ ОЙНАЙТЫН РОБОТ

Бүгінгінің баласы туа сала демесек те, екі-үш жасынан-ақ смартфон сұрап, гаджеттен ажырамайды. Бірақ бұлшық етке жаттығу жасағандай ми да қозғалысқа зәур. Ал миға шабуыл ізденістен басталады. Сондықтан зерттеушілер баланы кішкентайынан шығармашылыққа баулуға, жаңаға құштар етуге кеңес береді. Президент пәрмен берген биылғы «Балалар жылында» бұл мәселе шет қалмады.

Берекегі жыл барша қазақстандық балалардың мерейін тасыты. Қызылордалық балақайлар үшін де тосын сыйға толы болды. Жыл көлемінде балалардың көңілін көтерген бағамда аз болған жоқ. Соның ішінде «Балар» телеарнасының «Сықырлы тас», «Өп Фараби» мультсериялары бойынша бояу кітапшаның жарыққа шығуы оларды ерекше қуантты. Маңызды шарада облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтанов бала бағытты болса, отбасы бағытты, айнала бағытты, тұтас ел, бұл бағытты екенін айтты, болашақ білімді ұрпақтың қолында екенін жеткізді.

— Биылғы жылды Президент «Балалар жылы» деп жариялауы келешек иелеріне жасалған жақсылықтың бастауы болды. Бүгінгі игілігі іс-те соның бірі. Балалар өзінің жеткізе алмаған сөзін сурет енуі арқылы айтады. «ASU» баспа үйі» дайындаған кітапшаларда сондай мүмкіндік жасалған. Сондай-ақ, балаларымыз екінші ұстаз Әбу Насыр әл Фараби бабамыз туралы мағлұмат алып, ұлы ойшылдың қанатты сөздерін көңіл зердесіне тоқыды. Кітапшадан орналасқан QR белгісін сканерлеу арқылы екі мультсериялы да кез келген уақытта тамашалауына болады. Бұл ретте балаларға базарлық жасап отырған «ASU» баспа үйіне ризашылық білдіреміз, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Мұнан соң облыстық мәслихат депутаты, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев сөз алып, балаларға арналған бұл жобаның баспа саласында ширек ғасырдан аса тәжірибесі бар «ASU» баспа үйі мен «Балар» телеарнасының арасында жасалған келісім-шарт негізінде өмірге келгенін айтты. Өз жұмысын 1997 жылы кеңестік цензураға ілігіп, шаң барған архивте қалған Зейнолла Шүкірөвтің «Сыр



бойы» романын жарыққа шығарудан бастаған «ASU»-дың осы жолда ұлы ойшыл еңбектеніп келе жатқанын жеткізді.

Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледж оқытушысы Айнур Қарамұраева да балалардың болашағына бей-жай қарамайтын зиялы қауым өкілдерімен бірлесіп игі жұмыстар атқаруға аршаң қуанышты екенін жасармады.

Қазіргі технологиялық өзгерістер кезеңінде баланың таным, қызығушылығы басқаша. Соны деп басу, айтулы жылды ой-қиялы ұштытқан, адамгершілік болмысын қалыптастыратын жаңаша бастаманы қолға алу балаларға үлкен сый болғаны анық.

М.САНДИН

Қазақ балаларын өптілік пен жылдамдыққа үйреткен асық ату ойынының «жаңа дәурені» келді. Енді балақайлар бір-бірімен емес, роботпен жарысып асық ойнайды. Жуырда Қызылорда қаласындағы №3 IT мектеп-лицейінің 7 сынып оқушысы Дидар Көбенов асық ойнайтын робот ойлап тапты.



үйірмесінің қатысушы. Балақай бос уақытында осы үйірмедегі жұмыстарға арнаймын дейді.

— Үйірмеде 3D қалаймен түрлі бейнелер жасадық. Біз жасап шығарған заттарды үйді әсемдеу үшін қолдануға болады. Тіпті,



Студенттік кезең – өмірдің жаңа сатысы. Қызығы мен қиындығын қатар тосатын бұл шақ жастардың болашағына айықн бағдар береді. Сондықтан адам өміріндегі осы кезең сағынғанмен қайта келмейтін ең аулы сәттер саналады. Осы аптада Студенттер күніне орай қаладағы жоғары оқу орындарының білім алушыларымен тілдесіп, бірнеше сауал қойған едік. Осылайша әдемі кезеңнің бір үзкі картинасын оқырманға ұсынуды жөн көрдік.

СТУДЕНТТІК КЕЗЕҢ – ӨМІРДІҢ ЖАҢА САТЫСЫ

Гүлнәз ОҢҒАР, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 3-курс студенті:

Бізден сауал:

1. Студенттік сәттер сізге қандай мүмкіндіктер (иетелде білім алу, достар табу, тіл үйрену немесе ғылыммен айналысу, жаңа нәрсені үйрену, т.б) сыйлады?

2. Осы кезеңде есіңізде қалған ерекше қызықты немесе өзгелер де ой түйетін оқиғаман бөлсеңіз...

тілін үйренемін. Университетке қабылданғаннан бері өнер жарыстарына жиі қатысып, біліммен қатар шығармашылық қабілетімді де дамытуға тырысамын. Осыған дейін ғылым жетекшім, химия ғылымдарының кандидаты Гүлжан Балықбаевамен бірге қойдың құйрық майынан жақпа май дайындау мақсатында зерттеу жасадық. Сондай-ақ, «Жасыл химия» клубындағы студенттермен бірге осы өңірде өсірілетін есімдіктерден құрмамы тазда, табиғи сабын дайындап шығардық. Қазір адамдардың көпшілігі бүйрек ауруына жиі шалдығады. Қазір адамдардың көпшілігі бүйрек ауруына жиі шалдығады. Қазір адамдардың көпшілігі бүйрек ауруына жиі шалдығады.

2. Менің де өзге студенттер секілді жұмыс істеп, өз еңбегіммен жалақы алған күндерім болды. Студенттік кезең сабақпен жұмысты қатар алып жүріп, анық жұмыстан шаршап қайтатын сәттегі күйім түсіндім. Өйткені «оқуыс істеймін» деген жауапкершілік адамға кейде қызық көрінгенімен, қиындығы қатар жүреді.

Мерей БАЙШОҚЫҒЫЗЫ, «Болашақ жоғары колледжінің 4-курс студенті»

— Студент атанған тәрт жылыма көптеген жаңа дүниелерді таңуға ұмытылып, оқу орнындағы жүйеге үйреністім. Ең алғашы 1-курсқа қабылданған уақытта қатты қобалжыдым. Себебі санамда «жанымдағылардың бәрі жат адам, қалай болады, қалай барамын?» деген сауалдар тұрды. Тіпті студенттік өмірдің алғашқы аптасында «бәрімен танысып, жақсы араласуым керек, өз

оқитын саланы кеңірек білуім қажет» деген ой мазалады. Колледжде алғаш аяқ басқан сәтте ең айтуға деген қызығушылым болды. Түрлі іс-шараларға қатысып, өнер көрсете бастадым, бірақ шығармашылық ізденісім көп ұзамай тоқтап қалды. Себебі сол тұста әлемді алаңдатқан пандемия басталған еді. Онлайн білім алудан кейін ойым мүлдем басқаша бағытта өзгерді. Өнерге қарағанда сабағымда жіті мән беруді ойладым. Өзі осындай жастық сәттерді жаныңдағы достарыңмен бірге өткізу қызығырақ көрінді. Студенттік өмірдің бізге берген ең үлкен мүмкіндігі деп қасыңдағы адал достарыңмен өткізген уақыттарды айтар едім. Себебі студенттік өмір жайлы бірнеше жылдар өткен соң ой қозғанда жарқын естеліктердің көп болғанын қалаймын. Студенттік уақыт — қайта берілмейтін ең қызық кезең.

Бекзатхан МАХАНБЕТ, М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары колледжінің студенті:

1. Студент болу — үлкен өмірдің есіңі қағу. Бір қызығы, құлпытң кіпті — өзіңді қолыңда. Тек оны дұрыс пайдалану қажет. Студент болған сәттен белсенділер мен волонтерлардың қатарынан табылу маған үлкен мүмкіндік сыйлады. Себебі, осы жолда жүру арқылы өзімің кемшіліктерім мен бойымдағы әлсіздіктерімді жеңе отырып, көшбасшы өрі идеясы мол жас қатарынан табылдым.

Студент болу арқылы мен жаңа орта, жаңа достар тауып, белгілі бір жетістіктерге жеттім. Мысалы, «Елбасы медалі»

жобасына осы студенттік өмірдің арқасында қатысып, бір емес екі деңгейді бағындырып, үшінші деңгейге аяқ бастым. Осы жоба арқылы көшбасшылық, дағды мен дарындым да таныттым. Сонымен қатар өзімің ақындық, поэзияға жақын шығармашыл жас екенімді де аңғардым. Өзіме жаңа хоббилер («Жайдарман» сахнасы, актерлық, волонтерлық) қалыптастыра аламын. Студенттік шақтың берері мен қызығы мол болды.

2. Мен үшін ерекше қызықты болған оқиға колледжіміздің 90 жылдығымен қазақтық қайсар қызы М.Мәметованың 100 жылдық мерейтойын атап өту болды. Себебі, барлық студенттер мен мұғалімдер мойнында ауыр жүк, үлкен жауапкершілік тұрды. Ол сәтте дайындалудың өзі бір қызыққа толы естен кетпес сәттер еді. Барлық театр мүшелері, белсенді студенттер, колледж белсенділері мен мұғалімдер тынымсыз еңбек атқарды. Тіпті, колледж жатақханасында үздіксіз репетиция жасап, өзге облыс, қалалардан келетін қонақтардың көңілін табу үшін барлығын жасадық. Мінезі және қате-кемшіліксіз алып шығу барлығының негізгі мақсаты болды. Бұл ретте мен үшін студенттік шақтың ең басты қиындығы жауапкершілік дер едім. Тек қана өзіңнің емес, қоғам алдындағы жауапкершілік. Себебі, студенттік шақ сенің ойыңа-күліңе, еркіліңе өткізетін шағың емес, өзіңнің ортаңа, өлең пайданды тигізетін уақыт. Сен бұрынғыдай жай ғана сабақ емес, болашақ мамандығыңды болашақ бір істің маманы болып жауапкершілікті мойныңа жүктейсің. Мүғалім болып, білім бересің, дәрігер болып, халық саулығы үшін еңбектенесің, журналист болып, тұтас қоғам алдында ақпарат таратасың деген сияқты. Сондықтан студенттік шақтың ең басты қиындығы жауапкершілігіңде деп есептеймін!

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Осыған дейін ЮНИСЕФ пен ДДСҰ балаларды вакциналаудың маңыздылығын алға тартып, соңғы жылдары жеткіншектердің қажетті екпелерді алмағанын мәлімдеген болатын. Дүниежүзілік ұйымның бұлай дабыл қағуына Еуропадағы маусымдық тұмаудың көбеюі себеп болып отыр.

Біздің елде де балалар арасында тұмау жиілеген жағдайда оқушылардың онлайн оқуы мүмкін екені сөз болды. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрілігі жариялаған еді.

«Бір инкубациялық кезең ішінде бір сыныптағы оқушылар арасында 20-30%-ға дейінгі ЖРВИ ауруы тіркелсе, күнтізбелік он күн ішінде сыныптарға жаңадан бала қабылдауға тыйым салу ұсынылады. Эпидемиялық процеске ЖРВИ-мен ауыратын науқастардың жалпы саны 30% және одан көп болған жағдайда бір инкубациялық кезең ішінде оқушыларды онлайн-оқытуға ауыстыру жүзеге асырылады» делінген комитет өкілдерінің хабарламасында.

Бірақ бұл ұсыныс Оқу-ағарту министрлігі тарапынан қолдау таппады.

Аталған жағдайға білім басшылығы «Әлемде мектептер – бірінші болып ашылып, соңғы болып жабылады. Бұл туралы ЮНИСЕФ өкілдері де мәлімдеді. Біз балалардың толыққанды сапалы

білімі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуді маңызды деп санаймыз. Оқу-ағарту министрлігі онлайн-режимде оқыту бойынша ұсынысты қолдаймыз» деп жауап берді.

Денсаулық сақтау вице-министрі Айжан Есмағамбетованың айтуынша, елде жыл сайын тұмау вирусының айналымы қараша айынан

балалар мен жасөспірімдер арасында жиі кездеседі, яғни науқастардың 80%-ы балаларға тиесілі.

«ДДҰ мәліметтері бойынша алдағы эпидемиялық

түпкірінде тұмауға қарсы вакцинациялау жұмыстары белсенді жүргізілуде. Мәселен, облыста тұмауға қарсы иммундау науқаны барлық емханада жүргізілуде. Әсіресе жасөспірімдерге, жүкті әйелдерге, 65

жастан асқан азаматтарға ЖРВИ-ге қарсы екпе жиі салынууда. Себебі ауруға шалдыққандардың 66,1 пайызын 14 жасқа дейінгі балалар құрап отыр. Алайда аймақтағы эпидемиологиялық ахуал тұрақты дейді мамандар.

– Биыл ауруға шалдыққандардың көпшілігінде тұмау вирусының В түрі анықталуда. Осыған сәйкес, осы жылы өңірде ЖРВИ инфекциясына қарсы 85 мың доза вакцина әкелінді. Бүгінге дейін тұмауға қарсы 82 мыңнан астам екпе салдырды. Бұл вакцинациялауға жататын контингенттің 95,8 пайызын құрайды. Сондықтан облыс тұрғындарын барынша тұмаудан сақтауға және екпе салдыруға шақырамын, – дейді облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бөлім басшысы Әлия Ыдырысова.

Мамандар кенеттен дененің қызуы тез көтеріліп, қалтырау, әлсіздік, бұлшық еттің және бастың ауыруы, бүкіл дененің сырқырауы, кеуденің артқы жағы ауырып, құрғақ жөтелдің пайда болуы тұмау асқынуының белгісі екенін айтады. Алайда көпшілік бұл белгілерді қалыпты санап,

немқұрайлы қарайтыны жасырын емес.

– Тұмау эпидемиялары жыл сайын қайта оралатын және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы елеулі мәселе. Адамдардың көбі тұмауды ауыр сырқат ретінде қабылдамайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес, жыл сайын тұмау мен ЖРВИ-дің 5 млн-ға дейін ауыр жағдайды тіркеледі және респираторлық аурулардан 650 мыңға дейін адам қайтыс болады, – дейді А.Есмағамбетова.

Сондықтан қауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеген» абзал. Осы орайда жауапты мамандар келесідей пайдалы кеңестермен бөлісті.

– Тұмауға қарсы екпе ұжымдық иммунитетті қалыптастырады және аурушандық деңгейінің өсуіне жол бермейді. Одан бөлек, қоғамдық орындарда беттерде тағу, әлеуметтік қашықтықты сақтау, мүмкіндігінше адамдар көп жиналатын жерлерге бармау, жеке гигиена ережелерін сақтау қажет.

Дұрыс тамақтану, дәрумендерді шекті мөлшерде пайдалану арқылы иммунитетті көтеру маңызды. Егер ауырып қалған жағдайда міндетті түрде дәрігерлерді шақырып, арнайы ем қабылдау керек, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының оңа мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова.




басталып, сәуір айының ортасына дейін созылады.

Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің өзiне сүйенсек, өткен жылы ЖРВИ-мен 3,9 млн адам ауырған және 2019-2020 жылғы эпидемиологиялық маусыммен салыстырғанда республика бойынша сырқаттану 1,3 есе өскен. Өсім Қарағанды облысын қоспағанда, барлық өңірлерде байқалды. Статистикаға сүйенсек, тұмау

маусымда вирустың үш штаммы өзекті болады, олар А (H1N1), А (H3N2) және В. Сонымен қатар жыл сайын айналымдағы штамдар өзгеріп отыратыны байқалды. Өткен маусымда тұмау вирусының 2 штамы – А (H3N2) және В айналымда болды, барлығы 915 тұмау жағдайы анықталды, жүйелеу нәтижелері бойынша штамдар вакциналық штамдарға сәйкес келді, – дейді вице-министр.

Тұмау мен суық тиоден сақтанудың жолы көп десек те, бас санитарлық дәрігер екенін алға тартқан болатын. Содан болар еліміздің түпкір-



Күн күрт суытқалы бөрі көпшіліктің мазасы қашты. Бірінің басы ауырса, енді біріннің баптыры сыздап ақ халаттыларға сөз сайын жүгінетін кез келді. Жыл сайын қараша мен желтоқсан кірген тұстан тұмаудың да қоса дендейтін белгілі жайт. Алдың ала сақтық шараларын жүргізбесе, денсаулықтың салғырттықты көтермейді.

ЕКПЕСІЗ ЕМ ҚОНА МА?

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

ҚОҒАМ ДЕРТІН ҚҰРЫҚТАУ МҮМКІН БЕ?

Кез келген мемлекет пен қоғам үшін, өркениеттің алға жылжуы үшін адамзат баласының саны да, сапасы да маңызды. Яғни ұрпақтар жалғастығы – өркениет дамуының көрінісі. Алайда күн сайын қанша адам жапыс дүниенің есігін ашса, соншасы өз-өзіне ажал құштырып жатады. Бұл біздің ойдан шығарып алған ертегі емес. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек, суицид көрсеткішінің 79 пайызы халқы кедей елдерде жасалады екен. Біз де әлемде ең көп суицид жасалатын мемлекеттердің ондығында екенбіз. Өз-өзіне қол жұмсайтындар қатары неге көбеюде? Психологтар бұл туралы не дейді?

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Әдетте қоғамда суицид туралы айтуға тыйым салынып, жазылған сайын жайыла түсетін, талқыланған сайын артатын жаман аурудай көрінеді. Өрине, адам өлімі халық санағы сынды асыға күтіп, көбейсек, қуанатын жайт емес. Дегенмен ұлттық статистика бюросы 2021 жылы өз-өзіне қол салу оқиғалары қай өңірлерде көбейгенін мәлімдеген болатын. Елімізде өзiне қол салу бойынша ер азаматтар арасындағы өлім бес есе жиі кездескен. Яғни 100 мың адамға шаққанда ерлер арасында – 19,92, әйелдер арасында 4,05 деңгейінде. Суицид бойынша Ақмола облысы бірінші орында тұрса, одан кейін Қостанай және Қарағанды облыстары жайғасқан. Ал аталған мәселеге қатысты ең төмен көрсеткіш Маңғыстау, Павлодар облысы және Алматы қаласына тән екені анықталған. Өткен жылы жалпы 3922 өз-өзіне қол жұмсау жағдайы тіркелген. Ал осы жылы ше? арнайы органдардың статистикасы бойынша, 2022

жылдың алғашқы 7 айында 2179 суицид оқиғасы тіркеліпті. Қазір қай өңірлер суицид жасау бойынша көш бастап тұр? Алматы облысы бойынша 222 адам тіркелсе, ШҚО 211 адаммен екінші орында тұр. Ал Түркістан облысында 195 адам өз-өзіне қол жұмсап, осы жайт бойынша үштікке енген. Өңірде алғашқы 7 ай ішінде 68 адам өзiне қол жұмсаған. Сандарға қарасақ, өткен жылдың көрсеткішіне жетуге аз қалған. Өрi бұл алғашқы 7 ай ішінде ресми тіркелгендері ғана... Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл ішінде халық саны бірнеше мыңға ғана өзгеріп, бір-екі цифрғы ғана ауысқан қазақ елі үшін бұл көрсеткіш қасіретті жағдай екенін мойындау керек.

СЕБЕП НЕДЕ?

Қоғамда алдыңғы буын аға-апалардан «психолог дегенді көрмей-ақ өстік», «суицид, стресс деген немене?» деген сынды сыни пікірлерді жиі естіп жатамыз. Шынымен ата-әжелердің, аға-әкелердің өмір сүрген кезеңінде суицид болмаған ба?

Болғаны анық. Бірақ бүгіндей жиі өрi көп емес. Себебісіз демекші, өз-өзіне қол жұмсайтындардың көбі жастар мен орташа жастағылар десек, жалпы адамдарды өз-өзіне қол жұмсауға не итермелейді? Ең жиі кездесетін себеп қайсы?

Жүргізілген статистика бойынша негізгі себептер – қиын қаржылық жағдай, жалғыздық сезімі, ауыр сырқат, жанжалды отбасылық, жеке қарым-қатынастар екен. «Өрiне, бұл өте ауыр тақырып. Оған қазіргі z-ұрпақты кінәлеп, психологиялық иммунитеті әлсіз дей салу дұрыс емес. Шынында да адамның өз-өзіне қол жұмсауына өмір сапасы көп әсер етеді. Жанындағы адамдармен қарым-қатынасы, отбасындағы жағдайлар. Себебі адам өмірінң қажеттіліктер иерархиясында күнделікті тамақтануы, тұрмысы, отбасы алғашқы орында тұрады.

Ал біздің елімізде 2018 жылдан бастап ең төменгі жалақы мөлшері көтерілген

емес. Тек 2022 жылғы 1 қаңтарынан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейі мен айлық есептік көрсеткіштің артып, 42 мыңнан 60 мыңға дейін жоғарылады. Ойланшы, арадағы төрт жыл ішінде доллардың құны қанша өсе есті? Ал доллар өскен сайын нарықтағы саудагерлер соны сылтауратып, азық-түлік пен ең қажетті деген өнімдердің бағасын шарқытатып жібереді. Осыдан кейін үйіңде бір ғана адам жұмыс істейтін немесе күнкөрісі 60 мыңнан аспайтын отбасылар қалай өмір сүрмек? – дейді қала тұрғыны Айсултан Айдан.

АЛДЫН АЛУҒА МҮМКІНДІК БАР

Осы салада бірқатар жұмыс атқарып жүрген қызылордалық психолог, ЕҰҰ балалар қорының ұлттық тренері, «Жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу» жобасының үйлестірушісі Сымбат Өддірахманова суицидтің алдын алуға әрдайым мүмкіндік барын айтады. – 2015 жылдан бастап жасөспірімдермен

жұмыс істеп келемін. Алдыма кеңес сұрап түрлі отбасылар келеді. Өртүрлі ата-анамен жұмыс жасауымызға тура келеді. Балалардың проблемалары да түрліше. Мысалы, ата-анасы ажырасқан бір отбасы келді. Ол екінші әкесімен тұратын. Екі інісі бар (екінші әкеден). Әкесі қызды белектейді екен. Өз балаларына түрлі тәттілер әкеліп берсе, қызына бермейтін көрінеді. Осы орайда отбасымен, қызбен жұмыс істедік. Бір күні кішкентай пациентім қуанып келді. Қыз анасының «Ботаканым» деп еркелеткенін айтты. Енді қараңыз, бір ғана сөз балаға қалай әсер етіп тұр. Яғни, «сені жақсы көремін» деген сөзді айтудың өзі баланың бар өміріне әсер етпек. Сондықтан бала мен ата-ананың арасындағы байланыс өте маңызды.

Суицидпен күресуді қолға алғанымызбен, қоғамда жаңсақ пікір қалыптасқан. Ата-аналармен, мұғалімдермен жиналыстарда «бұрын суицид болмаған, өздерің айттып, оны шақырасындар» деп жиі айттып жатады.

Шын мәнінде қазақтa ненің болып, ненің болмағанын айтатын – тарих, әдебиет. Ал әдебиетке көз жүгіртсеңіз, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу да суицид жасаған, Қыз Жібектің фильмін беріміз көрдік, «Менің атым Қожа» фильмінен де суицидтің белгілерін көруге болады. Бұдан түйетіміз, суицид бұрыннан, адамзат жаралғалы бар. Ең бұрын интернет, қызына бермейтін ол ақпараттарды ешкім білмеді, – дейді маман.

Психологтың айтуынша, суицидке баратындардың өзiнің белгілері болады. Ең алдымен адамның ұйқысы бұзылады – яғни жасөспірім не ұйықтамайды не шамадан тыс көп ұйықтайды. Екіншіден, тәбеті бұзылады. Кеңіл-күйі бұзылса, тамақ ішкіміз көлмейді немесе керісінше шектен шығып кетеміз. Әлеуметтік желілерге пессимистік жазба қалдыру, пессимистік ойлау да суицидтің бір белгісі. Мұның барлығы маған көмек керек деген сигналдар екен. Өрiне, уақытында осындай белгілерге мән берсек, қайғылы оқиғалар азаяр еді...

Дина БӘКЕБАЙ





Жастардың жайы – бүгін мен ертеңнің басты тақырыбы. Себебі елдің болашағы осы жастардың бүгінгі тікелей байланысты. Жаңа тарихты жасайтындар да – жастар. Дегенмен жастарға қатысты туындайтын сұрақтар жоқ емес. Осы орайда Қармақшы аудандық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Нұржұман Пірназаровпен аудандағы жастардың жайы турасында сұхбаттасқан едік.

– Neet санатындағы жастарды азайту – қоғам талабы. Бұл бағытта қармақшылық жастармен қандай жұмыстар жүргізіледі?

– Аталған санаттың қатарына енгендердің артыуы жастар мен қоғамның аға буынның арасында байланыс жоқтығын білдіреді. Қазіргі уақытта ауданда 53 781 халық, оның ішінде 14-29 жас аралығында 12 121 жас бар. Ауданда NEET санатындағы жастармен жүйелі жұмыс ұйымдастырылып келеді. Бұл топқа енетіндердің анықтау мақсатында адресстік жұмыстар жүргізіліп, 5126 жастан сауалнама алынды. Нәтижесінде ауданда бұл топқа жатқызуға болатын 324 жас анықталған. 324 жастың 170-ін уақытша, тұрақты жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс істедік.

Ал жалпы анықталған NEET санатындағы жастарды мемлекеттік бағдарламалар, соның ішінде «Жастар тәжірибесі» мен қоғамдық және маусымдық жұмыстарға тарту, шағын гранттарға, кәсіпкерлік бағыты бойынша да қайтарымсыз гранттарға қатыстыру тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Ауылдық жердегі жастардың маусымдық немесе тұрақты жұмыстарға орналасуына да жағдай жасаудамыз. Жұмыссыз жастарға арналған бос жұмыс орындары өлеуметтік желілер арқылы ақпараттандырылып тұрады. Одан бөлек қандай да бір көмек немесе кеңес сұрап келген жастың бетін қайтармай, қоғамға араласуына, қалаған жобасына қатысуына мүмкіндік береміз. Жастардың өздерінің арасында диалог орнап, бір-бірін тыңдай алса, ойын ашық айта алса ғана, мемлекетке маңызы бар, ұлтына пайдалы тұлғалар шығады деген ойдамын.

– Жастар арасындағы қылмыс, бузақылық қоғамды аландататын мәселенің бірі. Аудандағы ахуал қалай?

– Өз құқығымызды біліп, өзгенің құқығына, еркіндігіне шектеу қоймау – адамзат баласына ортақ міндет. Себебі адамнан тартып ала алмайтын, сатып ала алмайтын жалғыз құндылық та сол. Қазір ауданда байқаусызда жасалған құқықбұзушылықтың кесірінен 11 жас пробацция есебінде

тұр. Оларға психологиялық кеңес беріліп, өмірге деген көзқарасының бұзылмауын қадағалап отырамыз. Ауылдық жерлердегі пробацция тізіміндегі жастарды сол жақтағы шаруашылықпен бірлесе отырып тұрақты жұмыстарға орналастыру да қолға алынды.

Жалпы жастар арасында ахуал тұрақты. Сала мамандарын тарта отырып, оқушылар мен жастарға түсіндірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Қармақшы аудандық полиция бөлімімен бірлесе отырып, аптасына екі рет түнгі рейд ұйымдастырылады. Осы уақытқа дейін 56 рейд жүргізіліп, үзіліссіз жастармен жұмыс істеудеміз. Басты мақсат – жастардың үніне құлақ түріп, сапалы көмір суіне, өмір сүріне, қажеттіліктермен қамтамасыз етіліп, қоғам өміріне белсене араласуына жағдай туғызу.

– Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің айтуынша, қазақстандық жастардың 3 мәселесі бар, олар – жұмыссыздық, баспана және суицид. Ал аудан жастары үшін қандай мәселелер өзекті?

– Жұмыссыздық пен баспана барлық елде кездесетін, өзектілігін жоймайтын мәселе десек болады. Әрине, аудан жастары арасында да мәселе жоқ емес. Жұмыссыздық деңгейі төмендеп келе жатқанымен, өзектілігін жоймай келеді. Мамандық бойынша жұмыс істеу, нарыққа сай мамандықтар, мықты кадрдың қажеттілігі сынды мәселелерді сөз етуге болады. Ауданда оқуын бітіріп келген жастар «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны» секілді

бағдарламалар арқылы жұмысқа орналасуда. Жаз айларында маусымдық «Жасыл ел» еңбек жасқатарына тартамыз.

Ал баспана мәселесіне келетін болсақ, «Отбасы банк» қызметкерлерінің қатысуымен тұрақты түрде онлайн, офлайн кеңестер беріледі. Қазір кей жастар орталықтарында психолог мамандары жоқ. Сол себептен жастарға тұрақты түрде психологтардың кеңесі қажет. Тақырыптар ашық талқылануы керек. Мәселенің алдын алуға мүмкіндік бар. Аталған үш мәселе де назарымыздан тыс қалған емес.

– «Жастар ресурстық орталықтары» түрлі бағытта іске асыратынын білеміз. Осы жылы қолға алынған өреше жобалармен бөліссөңіз...

– Айта кету керек, аудандық «Жастар орталығына» келгелі 2 айдай уақыт өтіпті. Жақында біз орталықтың беіресми атауын «QADAM» деп өзгерттік. Өзгертудеп басты себеп – жастардың барлық жаңа, тың, алғашқы қадамдарына осы жастар орталығы себепші болсын деген ниет. Соның нәтижесінде қазіргі таңда «Qadam kenes», «Qadam qatqog», «Qadam quduq» жобалары біртіндеп іске асып келеді. «Qadam kenes» жобасының «1.2.3... start», «Қармақшылық», «Qatmaq» дейтін үш бағыты бар. Бұл үш бағыт бойынша да біз жастарға жан-жақты кеңес беру жұмыстарын жүргіземіз.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша да түрлі бағыттағы іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып келеді. Аудандық орталықтың ұйымдастыруымен 178 шара өткізіліп, 5000-нан аса жас қатысыпты. Жастардың қажеттіліктерін анықтау мақсатында жастардан сауалнама алу жұмыстары да жүргізіліп тұрады.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Дина БӨКЕБАЙ

Инвестиция көрсеткішінің оң нәтижесіне қол жеткізу үшін облыста қолайлы климат қалыптасқан әрі облыс өкімдігі тарапынан инвестиция тарту бағытында тиісті жұмыстар атқарылууда. Мәселен, биылдан бастап түрік компанияларымен бірлескен жобалар жандана бастады. Осы жылдың қыркүйек айында инвестиция саласына жетекшілік ететін облыс өкімдігі бірінші орынбасары Серік Қожаниязов Түркия еліне жасалған іс-барары барысында бір топ түрік инвесторымен кездескен. Жұмын барысында біршама уағдаластыққа қол жетіп, алғашқы қадам да жасалды.

Қос тараптың қызығушылығын оятқан ірі жобаның бірі – жылына 28 мың тонна томат пастасын өндіру жобасы. «Tat Gida» компаниясының басшылығымен Қызылордада қызанақ пастасын шығаратын зауыт салу мәселесі талқыланған. Кездесу нәтижесінде шетелдік инвесторлар қыркүйек айында өңірге іс-сапармен келіп, зауыт орналасатын және томат егілетін жер телімдерімен танысқан. Келер жылы зауыт құрылысын бастау жоспарланып отыр. «Атап өтерлігі, биыл «Tat» компаниясымен бірлесіп, 10 гектар жерге тәжірибелік қызанақ егілді. Зауыт құрылысы үшін 30 гектар жер телімі табысталды. Жоба бастамашысы қажетті инфрақұрылым жеткізу мақсатында жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге кірісті», – деп нақтылады облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының өкілдері.

Түркиямен жүзеге асырылатын тың жобалардың қатарында қуаттылығы жылына 240 МВт

болатын жылу-электр орталығын салу жобасы да бар. Ол үшін «Аксә энерджи» компаниясының басшылығымен кездесу ұйымдастырылып, облыс орталығынан жылу-электр орталығын салу жобасына қатысты кейбір мәселелер пысықталған. Келер жылы компания құрылыс жұмыстарын бастайды. Құны 215 млрд теңгеге құрайтын жылу электр орталығының капсула салу ресімі 7 қыркүйекте түрік инвесторларының қатысуымен Қызылорда қаласында өткізілгені баршаға мәлім.

Келесі жоба қағаз қаптар өндірісіне арналған. «Kazakh Invest» ұлттық компаниясымен бірлесіп түркиялық «Isliklar Holding» компаниясына аталған жобаны облыс аумағында жүзеге асыру үшін қажетті инженерлік инфрақұрылымы жеткізілген бос тұрған өндірістік ғимараттар ұсынылған. Нәтижесінде осы жылдың қыркүйегінде түркиялық компанияның бас директоры Ока Хусейн облыс өкімдігі орынбасары Мархабат Жайымбетовпен кездесіп, жобаны іске асыру мәселелерін талқылады.

«Isliklar Holding» – Түркияда қағаз қорпаптарды өндірумен айналысатын, жылдық айналымы 250 млн АҚШ долларын құрайтын ірі компания. Кездесу аясында түркиялық инвесторға өңірдің инвестициялық әлеуеті және жобаны орналастыру үшін бірнеше өндірістік объектін таныстырылған болатын.

«Ірі жобаның тағы бірі қағаз қорпаптар өндірісіне арналған. Дәлірек айтсақ, гофрленген қағаз қорпаптар жобасы. Түркиядағы гофрленген қағаз қорпаптардың ең ірі өндірушісі болып саналатын «Baget Ambalaj» компаниясына облыста бірлескен кәсіпорын ашу мәселесі

үсынылды. «Осыдан бір айдай уақыт бұрын облыс өкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың және облыс өкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовтың қабылдауында «Fogrescue Future Industries» компаниясының өкілдері болды. Бұл – «жасыл энергетика» саласына инвестиция салуға ниетті аустралиялық компания. Кездесу барысында жаңғыртылатын энергия өндірісін, Қазақстандағы және өңірдегі жасыл өнеркәсіпті дамыту мәселелері талқыланды», – деп хабарлады өңірдің кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы.

«Қорқыт ата» әуежайының жолаушылар мен жүк ағымын одан әрі ұлғайту, қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында еркі қазіргі заманауи ғимараттың қажеттілігіне орай Қызылорда қаласында өткізу қабілеттілігі сағатына 250 жолаушыны құрайтын әуежайдың жаңа терминалын салу жөнінде шешім қабылданған. Бұл ретте жеке инвестор Болот Әтемұратовтың қоры әуежайының терминалының құнымын жобасын әзірлеуде. Жобаның құны шамамен 25 млн АҚШ долларын құрайды. Әуежай құрылысы келер жылы басталып, 2024 жылдың үшінші тоқсанында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Жаңа әуежай терминалында барлық

халықаралық стандарттарға сай жолаушыларға қызмет көрсетуге қажетті жағдайлар қарастырылады. Біз инвестициялық әлеуеті жоғары Қызылорда өңірінде жүзеге асырылмақ ірі жобалардың кейбіріне ғана тоқталдық. Әйтпесе пысықталып жатқан жобалар жетерлік.

Ең бастысы, облыс өкімдігі тарапынан бекітілген жоспарлы көрсеткішке қол жеткізу мақсатында іске асырылатын жобаларға сүйемелдеу, бақылау орнату, туындаған мәселелерін шешу бағытындағы жүйелі жұмыстар ойдағыдай жүргізіліп жатыр.

Экономикаға отандық нәмі шетелдік инвесторларды тарту қашанда өзекті. Оның үстіне 2025 жылға қарай республиканың ішкі жалпы өніміндегі инвестицияның үлесін 25 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Осыған орай Үкімет алдағы 5 жылға (2022-2026 жылдарға) арналған арнайы жоспарды бекіткен еді. Аталған жоспарға сәйкес биыл Қызылорда облысында 373,5 млрд теңге инвестиция тарту қажет. Әзірше 2022 жылдың қаңтар-қазан аралығында өңірге 290,9 млрд теңге инвестиция тартылған. Осылайша, он айдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткіш 77,8 пайызға орындалды.

Қызылорда облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мәліметінше, өсетіп кезеңде барлық аудан мен Қызылорда қаласында оң көрсеткішке қол жеткізілген. Былтырмен қажеттілігіне көрсеткіштің ең жоғары өсімі – Сырдария (167,9 пайыз), Жаңақорған (163,3 пайыз), Шиели (141,8 пайыз) және Қазалы (124,2 пайыз) аудандарында байқалып отыр. Өсім негізінен өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және жинақтау салаларында, қаржы және сақтандыру қызметінде, жылжымайтын мүлікке қатысты операцияларда, кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте, өкімішлік және қосалқы қызмет көрсету, өнер, ойын-сауық, демалыс және басқа да салаларда қамтылған.

Б.ТЕМІРХАН

ЖАСТАРДЫҢ АРАСЫНДА ДИАЛОГ БОЛУЫ КЕРЕК





Алайда
өсейе келе аталған саланың жүгі ауыр, жауапкершілігі жоғары екенін тағы да сезіне түсетініміз жасырын емес. Өзге мамандықтар секілді төрт жылда түгесімейтін, біршама уақыт тер төгуге тура келер мамандықтың салмағы зор. Шыдам мен еңбекті серік еткен жан ғана бұл биікті бағындыра алмақ. Бүгінгі кейіпкерлеріміз – осы қиындықты еңсеріп, саланың үздігіне айналған азаматтар. Олар – облыстық психикалық денсаулық орталығының жас мамандары Батыржан Сайымбетов пен Абзал Сырлыбаев.

Алдымен сөзді жаңадан қызметке кірісіп, денсаулық саласына алғаш

қадам жасаған Батыржан Сайымбетовтен бастайық. Ол емдеу мекемесінің дәрігерлермен тәжірибе алмасып, практикалық білімін арттыруда.

– Дәрігер болу – бала кезгі арманы. Оны жүзеге асырмай тынбайтынмыз білдім. Көп іздендім, еңбектендім. Дәрігерлер де көмегін аямады. Оқытты, тәжірибе іске асырып, Алдағы уақытта жиған тәжірибені іске асырып, науқастарға септігімді тигізетін боламын.

Мәселен, қарым-қатынас жасау, сіз табысу әдебин игеру жөн. Себебі кез

келген дәрігер алдына келген науқасты жылы сөзбен емдеу арқылы емрге деген көзқарасын өзгертіп, аурумен күресуге септігін тигізетіні анық. Сондықтан қарым-қатынас үлкен рөл ойнайды, – дейді жас маман.

Батыржан Сайымбетов – М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің түлегі. Дәрігер-психиатр бала кезінен медицина саласында еңбек етіп, науқастарды дертінен емдеуді мақсат еткен. Бүгінде осы бағытта жұмыс істеп келе жатыр.

– Қазір орталықтың №1 «Ерлер» бөлімшесінде еңбек етемін. Мұнда шизофрения, ақыл-есі кем, эпилепсия секілді дертке шалдыққан азаматтар ем алады. Күнделікті жұмыс барысында тәжірибеміз мол әріптестерімізмен иық тіресе қызмет жасаймын. Үйренетіміз көп, бастысы, мамандығыма деген сүйіспеншілігім зор. Басты мақсат – халыққа сапалы

медициналық көмек беру, психикалық дертке шалдыққан жандарды емдеу. Бос уақытымды білімді арттыруға арнаймын. Бізге ұдайы ізденіс қажет, – дейді жас дәрігер.

Медицина саласына қадам басқан келесі кейіпкеріміз – Абзал Бекенұлы. Бүгінде жас дәрігер емдеу мекемесіне қарасты №2 және 5 бөлімшеде дәрігер-психиатр болып еңбек етеді.

– Кішкентайымнан ақ халат киген дәрігерлерді көргенде олардың жұмысына қызығып қарайтынмын. Сәл сырқаттанып қалсам дәрігердің берген кеңесінің барлығын орындадым. Дәрі ішіп, укол салдыруды мұқият қадағалайтынмын. Ереткен соң дәрігер болу өмірлік мақсатым екенін ұға түстім.

Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік жолды таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейді. Ұстаздарым аталған жауапкершілікті толық сезіндірді. Адам анатомиясын өте терең білумен қатар, кез келген жағдайға дайын болу, қаннан қорықпау, адам тағдырына немқұрайлы қарамауды үйретті. Салада жүжесі мықты адам ғана өнімді жұмыс істей алатынын сөздім. Қаншама тәжірибеден өтіп, ақыл-кеңесті есте сақтау арқылы

маңызды жұмысқа кірісуге мүмкіндік туды. Қазір де әріптестерім қолдау білдіріп, үйретуде, – дейді ол.

Абзал Бекенұлы да М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университетінде білім алған. Бүгінде жас маман орталықтың білікті қызметкерлерімен иық тіресе жұмыс жасап, саланың дамуына үлес қосуда. Жары да медицина саласында еңбек етеді.

– Дәрігер болу – үлкен жауапкершілікті сезіну деген сөз. Медицина саласын таңдаған адам өмір бойы білім алуға, жалықпай тәжірибе жинақтауға дайын болу керек. Кәсіби біліктілік уақытпен келеді. Бүгінде орталықтың мықты мамандарымен жұмыс жасап жүрмін. Әріптестер білгенін үйретуден жалықпайды. Ең бастысы – халыққа адал қызмет жасау, – дейді дәрігер. Бүгінгінің батырлары дәрігер екенін жоққа шығара алмаймыз. Себебі бас ауырып, балтыр сыздаса, дәрігердің көмегіне жүгінетініміз анық. Мамандардың ақыл-кеңесі арқылы аяққа тұруға мүмкіндік аламыз. Сондықтан мәртебелі мамандық иелерінің әрбір қадамы денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қоспақ.

Мөлдір САБЫРЖАН

БОЛАШАҒЫ ЗОР ЖАС МАМАНДАР



«Өлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовтың айтуынша, көпті-күйінзге, денсаулығыңызға ешқандай шағым болмаса да скринингтен міндетті түрде өту қажет. 30-39 жас аралығындағы әйелдер мінез-құлқ қауіп факторын ерте анықтау мақсатында скринингтен өтеді. Темекі шегу, дұрыс тамақтанбау, дене белсенділігінің төмен болуына немесе алкогольді шамадан тыс тұтынуға байланысты пациентке салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану жөнінде ұсынымдар беріледі. 40-тан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін және глаукоманы ерте анықтау үшін скринингтен өтеді. Қан қысымының, холестериннің, қан глюкозасының деңгейі және дене салмағының индексі анықталады.

Ең бастысы, 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдер жатыр мойны обырын ерте анықтауға тексеруден өту қажет, оның ішінде ПАП-тест және тереңдетілген диагностика – бейнекольпоскопия, биопсия және гистологиялық зерттеу, бейінді мамандардан консультация алу бар. Алайда жоғарыда айтқанымыздай, тегін скринингтен өтуге талай адамның мойны жар бермейді. Дерек бойынша Қазақстанда «жаман ауруға» шалдыққан 190 мыңға жуық науқас бар. Облыста онкологиялық ауруға шалдығу көрсеткіші 2020 жылмен салыстырғанда 3,7 пайызға төмендеген. Қазір қатерлі дертке шалдыққан 4721 науқас диспансерлік есепте. Ал биыл балалар арасында онкогематологиялық диагнозбен 446 бала анықталып отыр. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының емдеу, алдын алу жөніндегі орынбасары Жалғасбек Үсенов былтыр 1194 науқас диспансерлік есепке алынғанын айтады.

Мамандар пікіріне зер салсақ, бірінші орында – сүт безі қатерлі ісігі, одан кейін өкпе қатерлі ісігі мен

копоректалды қатерлі ісік түр. Әсіресе, ер адамдардың өкпе қатерлі ісігінен қайтыс болуы жиі кездесетіні анықталды. Науқастардың 59 пайызы – еңбекке қабілетті адамдар. Алаңдататыны, онкологиялық аурулардың «жасара» түскені. Онколог бұрынғы 50 жастан асқандарда кездесетін сүт безі обыры қазір жасы 30-ға толмаған жастарда да кездесетінін айтып, дабыл қағуда.

– Латында «канцерогенез» деген сөз бар, мұндағы «канцер» «қатерлі ісік» деген мағына берсе, «генезис» – «пайда болу» дегенді білдіреді. Қатерлі ісікті пайда болуы нашар экологияға да байланысты. Қалалар өсіп, ауаны ластайтын өндіріс ошақтары көбейген сайын ісік етек жаяды. Канцероген зауыт түтіндерінде, бояғыш заттарда да көп кездеседі. Шылым мен улы түтіндер де – канцерогендер. Бұлардың кесірінен өкпе рагы туындайды. Күйген майға піскен, қатты қуырылған, шамадан тыс тұзды тамақ – асқазан қатерлі ісігін тудыруға себеп.

Өзіңізге, балаға, оның жетілуіне, ас мезіріне аса мән берген жөн. Себебі Қазақстанда жыл сайын 600-ге жуық бала қатерлі ісікпен ауыратыны тіркеліп отыр. Мысалы, жасөспірімдер көп шалдығатын онкологиялық аурулар қатарында бірнеше түр бар. Нейробластома (Вильмс ісігі) – бүйрек клеткалары нефрондардың эмбрионал жетілмей қалуы нәтижесінде туа пайда болатын ауру, лимфомалар мен гемобластоздар (лейкоздар) ересектермен қатар балаларда да жиі кездесе беретін ісік. Юинг саркомасы – мидың қатерлі ісігі жасөспірімдерде жиі кездеседі. Тераптома – әртүрлі өсерден (ішкі, сыртқы факторлар) эмбрионал даму кезеңдерінде туындайтын кез келген дене мүшесінде пайда болатын тубаітті ауытқу. – дейді жоғары санатты дәрігер онколог, медицина ғылымдарының кандидаты Мұрат Жантеев.

Сондай-ақ маман қазір ісікті емдеу қарыштап алға басқанын алға тартты. Бүгінгі таңда 10-15 жыл бұрын емдеу мүмкін

болмаған кесепке шипа бар. Онкологиялық ауруларды емдеудегі әлемдегі алдыңғы қатарлы әдістемелер игерілді және олар Қазақстанда қолданылады. Жетекші онкологиялық қауымдастықтардың халықаралық хаттамаларына сәйкес келетін ауруларды емдеудің заманауи әдісі жүргізілуде. Барлық химиятерапиялық және таргеттік препараттар ТМҚК шеңберінде қамтамасыз етіледі. 2010 жылдан бері сүйек кемігін трансплантациялау жүргізіліп жатыр, онкопсихологтардың жеке кәсіби қызметін пайдалану мүмкіндігі қарастырылған. Маңызды жетістік ретінде аурудың сатысы мен таралуын дәл анықтауға, емдеудің оңтайлы режимін таңдауға, жеке терапияны қолдануға, сәулетленудің немесе химиятерапияның оңтайлы курсын тағайындауға, емдеудің тиімділігін бақылауға және негізсіз отаны болдырмауға көмектесетін МРТ және ПЭТ-КТ диагностикасын, молекулалық-генетикалық зерттеулер мен телепатологияны енгізуді айтуға болады. Бұған қоса ғалымдар да күн сайын жаңалық әкеліп, ауруды ауыздықтаудың мүмкіндіктерін қарастыру өстіне. Бірақ ұзақ уақыт емделуден арылуға және өмірді сақтап қалуға мүмкіндік беретін ең маңызды фактор – тұрақты онкоскрининг пен аурудың ерте кезеңдерінде дәрігерге жүгіну болып қала бермек.

P.S. Медицинасы дамыған бірқатар мемлекеттің қызметкерлері жылына бір рет қатерлі ісікке қарсы тексерілмеген жағдайда жалақы алатын шоты бұғатталып қалады екен. Өйткені ауру өрішіп тұрғанда қай елге болса да оны емдегеннен гөрі асқындырмай, алдын алған тиімді. Бізде де онкологиялық орталықтар тұрғындарды скринингтен өтуге шақыру үшін түрлі шаралар, акциялар мен ашық ескі күндерін өткізіп өлек. Бірақ нәтиже өлі де мардымсыз күйде. Сондықтан оны бір жүзіге келтіру уақыт күттірмейді.

М.СНАДИН



Сондай-ақ облыстық «Сыр жұлдыздары» фестивалі де өнерлі жастардың жұлдызын жақты. Облыстық «Жастар орталығының» ұйымдастыруымен өткен фестивалдің мақсаты – өңірміздегі ерекше жастардың шығармашылық қабілетін шыңдау, әлеуметтік белсенділігін арттыру

өсейгенде урейленіп қалары анық. Мен үшін бұл достарым жұлдыз, барлығы өнерлі. «Жастар орталығының» негізгі жұмысы да әр

Фестиваль барысында ерекше қамқорлық пен қолдауға мұқтаж 20-дан астам өнерпаз вокал, хореография және өлең оқу номинациялары бойынша өнерін көрсетіп, сыныға түсті.

– Фестивальдің атауының өзі тегін емес. Өнер көрсететін әрбір ерекше жан жұлдыз болуға әбден лайық, өнерін паш етуге толық мүмкіндігі бар. Балғындардың қабілетін жан-жақты дамытып, бойдағы өнерін қолдауға бағытталған жоба жас таланттардың жарқырай түсуіне үлкен жол ашады, – деді орталық директоры Т.Тілес.

Фестивальде хореография, мәнерлеп оқу аталымы бойынша жүлделі I орын А.Туарбекке, II орын М.Құлдиясовке бұйырса, III орынды Ұ.Таңсырбай мен А.Сапарбекова бөлісті. Ал вокал аталымы бойынша байқаудың бас жүлдесіне Д.Ешнұрзаева лайықты деп танылды. Оған қоса I орынды Г.Тастыбай иеленсе, II орын ерлі-зайыпты Қ.Дүрренбек пен А.Оразбаеваға бұйырды. Сондай-ақ III орынды Б.Сейфолла иеленсе, «Үздік өнерпаз» номинациясын Қ.Нұржігітов еншіледі. Жеңімпаздарға арнайы диплом мен бағалы сыйлықтар табыстады.

Өлеңге құн жылы қандай қажет болса, адамға жүрек жылы сондай керек. Қоғам қашанда адамдық қасиеттерге мұқтаж. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамның әр қадамынан мейірім күтетіні белгілі. Шара тек осындай жандардың талантын ашып қоймай, бір сәт өмірге өзге көзқараспен қарауға үйретеді.

Бүгінде ерекше жандар қоғамда белсенді. Спорт, ішкілер саласында болсын жан-жақты даму үстінде. Содан болар, мүмкіндігі шектеулі жандар арасында түрлі жоба жүзеге асып, арнайы бағдарламалар басымдыққа ие болып келеді. Олардың қатарында облыстық мүгедектер қоғамы ҚБ-нің төрағасы Сағатбек Қуанышбаевтың басшылығымен жүзеге асқан «Арбамен марафон» акциясы бірқатар жақса жігер сыйлағанын айта кеткен жөн.



СЫР ЖҰЛДЫЗДАРЫ

және қолдау білдіру. Фестивальде шексіз өнер мен талантты ұшастыраған бірқатар ерекше жан сахна төріне шығып, дүйім жұрттың алдында өнер көрсетті.

– Қазір ерекше жандар түрлі салада жетістікке жетіп жүр. Бұл әрбір жанның өмірде орны бар екенін, барлық адам бірдей екенін сезіндіреді. Егер сіз ерекше баланың ата-анасы болсаңыз, баланың болашағы үшін қоғамдық ортаға, мәдени шараларға көптеп алып шығыңыз. Бала сезіну керек, айналасын көру керек. Көбісі үйден шығарғысы келмейді. Ертең ол бала

санаттағы жастардың шығармашылығын шыңдауға, дамытуға бағытталған. Міне, ерекше жандарға бір күнді арнап, олардың басын қосып, сахнаға шығуына үлкен мүмкіндік жасалуда. Жарыс бар жерде жеңімпаз бар. Қазылар алқасына үздіктерді таңдау қиынға түсті. Осындай фестивальдің өтуіне атсалысқан ұқымға алғыс білдіремін, – деді Сағатбек Қуанышбайұлы.

Өңірде су тапшылығы орын алғаны белгілі. Оны сезінген шаруашылық мамандары да қосымша су тарту моторын пайдалануға, басқа да құрылғымен су жеткізуге мәжбүр. Бұл шаруаларды қосымша шығынға батырып, жұмыс үстемеледі. Қазіргі таңда су тапшылығының зардабын ересектер ғана емес, мектеп оқушылары да анық біледі. Сондықтан бұл сауал оларды да аялдатпаса керек. Жақында қызылордалық жас өнертапқыштар епінді үнемдеп суару құрылғысын ойлап тапты.



пайдаланылады. Бірақ ол құрылғылардың жұмыс істеуі үшін үнемі қадағалау мен жөндеу жұмысы қажет. 10 сынып

жоба арқылы егіс алқаптарына кететін судың көлемін 30 процентке дейін үнемдеуге болады. Сания мен Жансая енді бұл құрылғыны үлкен көлемде құрастырып, мектеп ауласында егілген дақылды суаруға сынап көруді жоспарлауда. Осылайша, халықаралық байқауларда бақ сынауға ниетті.

Сонымен қатар дарынды оқушылар агрономның да жұмысын автоматтандыруға болады дейді. Мәселен, Еңлік пен Назгул өсімдіктің жағдайы мен егіс басындағы климаттық ауау туралы апаратыры арнайы құрылғы арқылы жинақтауға болатынын дәлелдеді. Осылайша, фермер алқап аралап сабылмай, дақылдың

Бүгінде егіс алқаптарында жаңбырлатып суару технологиялары



ҮЙМДІ ЕҢБЕККЕ ЖЕТЕЛЕР ӨНЕРТАБЫС

оқушысы Сания мен Жансая ойлап тапқан жаңбырлатып суару технологиясы толықтай автоматтандырылған. Оқушылар аталған жобаны шағын макет ретіндегі құрылғыға айналдырып, оны тәжірибеден өткізуде.

– Бұл жобада 3 түрлі сезбек (датчик) – ылғалдылықты анықтайтын, күн сәулесінің түсуін қадағалайтын және ауа температурасын өлсептейтін құрылғының бірлесу жұмыс жасауын қаладық. Ол үшін арнайы құрылғы орнату нәтижесінде тиісті мүмкіндікке қол жетті. Яғни, жоба сыртқы факторларды ескерді. Мысалы, өсімдікке қолайлы жағдай туындаған кезде ғана конвейер іске қосылады, – дейді Сания Муратова.

Республикалық байауда үздіктер қатарынан көрінген

жай-күйін қақышқан біліп отырады.

– Бұл тек ауылшаруашылығына пайдаланылмайды, біз оған көп сезбек (датчик) қосатын болсақ, барлық салада да қолдана аламыз. Яғни, сабақтарға орнатып, жасыл желіктердің өсуін қадағалай аламыз деген сөз. Қазақстанда біздіңке ұқсас жоба жоқ, тек Венгрия мемлекетінде бар. Алайда оның бағасы бұл құрылғыға қарағанда анағұрлым қымбат. Құрылғы 1 шақырым радиусқа дейін қорғаны орта туралы мәліметті жинауға қауқарлы. Бұл апаратыры арнайы базада жинақтау арқылы гапаладық жылыну мәселелерінің алдын алу үшін ғылыми ұсыныстар беру мақсатында да пайдалануға болады, – дейді өнертабыс авторлары.

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Төуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, әлемдік қауымдастықтан өз орнын алған еліміз бүгінде өз даму жолын таңдап, белгіліліктің бөстіне айнауда. Осы уақыт аралығында аталған елге істер мен жетістіктер аса емес. Ал енді мемлекеттің өмір талабына сай өңір жанында даму бағытын қалыптастырып, жаңа көлем құруда. Бұл – қоғамның барлық саласына қатысты міндет. Жалпы мемлекеттің саяси және экономикалық өрлеулері негізін қалың мен білім бағыты қалыптастырады. Білім және ғылым саласында түрлі реформалар мен өзгерістер жүзі қолға алынатын отырады. Бұл – заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Жалпы өмізде осындай өзгерістер көлемінде жетістіктер жетіп, өзіндік құндылықтары қалыптасып, өркениеттік үздіктерді білген көркіні отырап отырған ұрпақтар өз еліміз. Соның бірі әрі бірегейі – өңіраралық атындағы Қазақ ұлттық университеті.

табылған еткен үздік университеттер қатарында. Мысалы, жақында өл-Фараби атындағы Қаууу ағылш рет QS Asia өңір жолыры оқу орнындағы рейтингіне өңір. 44-орынға ие болды. Сондай-ақ, Қаууу «QS Asia University Rankings 2023» Орталық Азия» рейтингінде I орын алып, Орталық Азиядағы бірінші жолыры оқу орны болып таңдалы. Жалпы өмізде сарпайлау көлемдері бойынша өл-Фараби атындағы Қаууу халықаралық рейтингтерде тұрақты дамуды көрсетіп, жыл сайын жетістіктерге жетуде.

Жұмырда 20 қараша күні мемлекетімізде аса маңызды шара өтпек. Бұл – Қазақстан Президентінің сайлау науқы. Тәуелсіздік тұңғыш бейнелігі, қоғамның болса-быны ету үшін өрлеу қажет осы сайлауға барып, Қазақстанның өртені үшін таңдау жасауы тиіс. Билетті сайлау өлшеме бағытта, жаңаша қалыпта отырады. Бұл «Жаңа Қазақстан» қабілетті қозғалымын сайлауы болмақ. Конституциялық өзгерістерге сай өңір Президенті бір мәрте әрі жеті жылғы сайланады. Бұл – заман талабынан туып жанышарлық. Тұрақтылық келіп мен өңірталығын үлгісі болған өмізде, өркениет сайлаудың үлгісі көрсететіні. Осындай шарады да күрделі көзде отырады өртені үшін сайлауға барып, таңдау жасау барымдас азаматтық парызмыз болмақ.

Алғұп БОЛТАЕВА, өл-Фараби атындағы Қаууу, Бизнес-технологиялар кафедрасының оқытушысы
Асылтай ИРМАҒАМБЕТОВА, өл-Фараби атындағы Қаууу, ИРМАҒАМБЕТОВА кафедрасының оқытушысы

ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ҚҰРЫЛАДЫ



Жастар арасында кәсіпке бет бұрғысы келетіндердің қатары көп. Осыны ескерген облыстық «Жастар ресурстық орталығы» жас кәсіпкерлер қауымдастығын құруды қолға алды. Мұндағы мақсат – жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамытуға үлес қосу және аймақтағы бастауыш кәсіпкерлердің басын біріктіру.

– Бастама кәсіпкер айналысамын деген жастарға үлкен мүмкіндік беретінін айтқым келеді. Біз жастардың бізнен идеялары мен стартап жобаларын іске асыруға жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз. Ол үшін барлық мүмкіндік бар. Жас кәсіпкерлердің қауымдастығын құру бастамасы өте орынды деп есептеймін. Себебі, мұндай қауымдастық барлық бизнес идеялардың жүзеге асуына тікелей түрткі болады. Орталықпен бірлесіп кәсіпке бағдар беретін нәтижелі жұмыс жүргіземіз, – деді облыстық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Талғат Тілес.

Қауымдастық жұмысын бастағанда өңірдегі жас кәсіпкерлер мен орталық қызметкерлері бас қосып, тың жобаларды жүзеге асырудың жолын талқылайды. Қауымдастық алдағы уақытта саладағы бастауыш кәсіпкерлерге үлкен қолдау көрсетпек. Бұл туралы кездесуде талқыланып, ұсыныс қылынды. Сондай-ақ жастар қосбасшысы жас кәсіпкерлердің сұрақтарына жауап берді.

ЕРІКТІЛЕР БАС ҚОСТЫ



Еріктілер ел игілігі жолында еңбек етеді. Олардың арқалаған жүгі, атқарар жұмысы жетерлік. Тіпті бір-бірімен жиі кездесіп, тәжірибе алмасып, алдағы жоспарлармен бөлісіп тұрады. Бұған облыстық «Жастар ресурстық орталығы» мамандары ұйытқы болуда. Жақында еріктілер қызықты шараға қатысты.

Еркін форматтағы кездесуде жастар өзекті сауалдарды ортаға салды. Тренингті «Жастар орталығының» психологы Г.Нетбаева жүргізіп, «мүмкіндіктер алаңында» жастармен еркін пікір алмасты.

Отбасы құндылығы, отбасы мүшелерінің міндеттері, махаббатқа адалдық, сенім, сезім, үй болуға дайындығы сынды мәселелер өзек болған тренингте 20-ға жуық жас өмірлік тәжірибесімен бөлісті.

ЖАҢА ИДЕЯЛАР АЛАҢЫ



Жуырда облыс орталығында «PeshaKucha» шарасы өтті. Достүрлі түрде бесінші рет ұйымдастырылған кеште цифрлық жобалар, халыққа қолжетімді мобильді қосымшалар таныстырылды. «PeshaKucha» – түрлі тақырыптағы баяндамалар мен презентациялар ұсынуы ерекше үлгісі. Яғни, спикерлер 20x20 форматында ой бөлісіп, жаңа идеяларын ортаға салады.

Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай өткен басқосуға облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Баймамов қатысып, салаға елеулі үлес қосқан бірқатар азаматқа облыс әкімінің алғыс хатын табыстады. Сондай-ақ спикерлеріңде «DigitalQyzylorda» асында мемлекеттік қызметтерді цифрландыру барысын баяндады. Кешкі кездесуде спикерлер түрлі тақырыпты қозғай, Гүлзаира Абдразақова «IT мектеп – мүмкіндік мекені», Шүкәрир Алмашова «Отбасының цифрлық картасы» жобасының ерекшеліктерін бөлісті. Ал, Фархад Әбжанпаров «Цифрлық колледж», Роман Цой мен Ақсар Райхан «Жусан» мобильді қосымшасының мүмкіндіктерін таныстырды. Темірхан Мұқанғали «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасы арқылы қызылордалықтар 60-тан аса сервисі пайдалана алатынын жеткізді.

Айту керек, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен өңірде цифрлық жобалар сәтті жүзеге асып, жастардың өзін-өзі идеясын қолдайтын түрлі IT байқау өткізілуде. Осыған дейін «Smart City Qyzylorda Hackathon» байқауы өтіп, үздік инновациялық жоба авторларына грант берілсе, желтоқсан айында INNOFEST байқауы өткізіліп, үздік инновациялық идеялар сарапта түседі.

Уақыттың жылдамдығы сондай, студент атанғаным 2 жылдан асыпты. Осыны ойлай отыра арта қалған екі жылды таразыладым. Кәтеліктер, қуаныш, жаңа таныстықтар, жаңа орта, реніш – сол болса да барлығымен бетпе-бет келген өкпенім. Алайда жақсы естеліктер басым. Айтайын дегенім, мүмкіндіктерге толы болған 2 жылға өкпем жоқ. Себебі, осы аралықта ENACTUS өлемімен таныстым.

ENACTUS – өлемнің 34 мемлекетінде құрылған, оқушылар, студенттер мен кәсіпкерлерді біріктіретін коммерциялық емес ұйым. 17 мақсаты бойынша экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттарды қамтитын халықаралық ұйымның жастарға берері мол. Дамуға, өзінді қалыптастыруға әрі жақын достар кездестіруге мүмкіндік беретін ұйым арқылы көшбасшылармен де тығыз байланыста бола аласың. Қазақстандағы ENACTUS ұйымының президенті Альбина Мейірбекқызы командасымен бірге еліміздің 50 жогары оқу орнымен байланыс орнатқан. Студенттер өз жобаларын жыл сайынғы бизнес көшбасшылар бағалайтын сайыстарда ұсынады. Осы ұлттық жарыстардың жеңімпаздары Enactus Дүниежүзілік чемпионатына қатысуға шақырылады. Нақтырақ тарқатсам, әр оқу жылының басында командаларға

арналған республикалық форум өтеді. Форумнан кейін командалар мамыр айында болатын ұлттық чемпионатта ұсынатын жобаларды әзірлеуге кіріседі. Осы уақыт аралығында демеушілер тарапынан арнайы байқаулар ұйымдастырылады. Ұлттық чемпионатта 30-дан аса мектеп, колледж командалары және 50 жогары оқу орнының командалары бақ сынайды. Үздік команда Дүниежүзілік чемпионатта ел намысын қорғауға жолдама алады. Біз, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің командасы ұлттық лигаға, бизнес-лагерьге қатыстық. Алдағы жоспар – Алматы қаласында ұйымдастырылатын «Business Collaboration Forum» шарасына қатысу. Командадағы 30

МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ – ENACTUS

қатысушының жеке міндеттері бар. Сонымен қатар HR, PR, Research бөлімдері жұмыс жасайды. Мүмкіндіктер алаңына айналған ұйымның қысқаша жұмыс барысы осындай. Тамыз-қыркүйек арнайы Enactus Kazakhstan және Olzha Agro ұйымдастырған Қарағанды қаласындағы білім беру лагеріне қатыстық. Келесі жылындарға тоқталсам, 29 қыркүйек күні Оль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен «Road show Enactus Kazakhstan» республикалық форумы қазан айында Сыр өңірінде жалғасын тапты. Маған жоба жасау, кәсіпкерлікті дамыту бағыты мотивация берген ENACTUS-тың ерекшелігі

Өлия ТӨЖІБАЙ

ӨМІР

Өмір деген адамзаттың тағдырынан құралған, Өмір деген бітік өскен шырғауықтай шырмалған. Өмір деген адасқанда шамшырағы жолыңның, Сол өмірде, сол тағдырда бар тіршілік нәр алған.

Әр адамның өз өмірі өз қолында болғанмен, Тағдыр қашан құлатарын біле алмассың шыншардан?! Қиындық та, қуаныш та аққан сендей өткініш, Сүрінсең де, түңілсең де жақсылық күт тек алдан.

Өмір саған не жазғанын ешкім болжай алмайды, Қайта жанған үмітінді бір-ақ сөтте ұрпаған. Бұл өмірде мәңгілікке қалмаймыз ғой дегенмен, Жалғастырар ұрпағымыз ұлы жолды құраған.

Жаман атты адамдардың айырмасы жоқ онда, Екі көзі қанталаған, буырқанған бурадан. Өмір кейде демеу болар адасқанда жолыңнан, Бес күн жалған бұл өмірде тағдырыңды құраған.

Ей, адамдар бұл өмірде не болары белгісіз, Қанша өмір сүреміз пешенеге жазылған. Өмір деген кейде алдамшы, тылым күштей сықылды, Өмір деген нәр алғандай бұлдыраған сағымнан.

Кедергілер тосқауыл бол аяғыңнан шалса да, Ешқандай жаны таза, жақсы адамнан түңілме. Қадірлей қолда барды, бағалайық уақытты, Жақсылыққа ұмтылайық, бес күн жалған өмірде.

САНАЛЫ АДАМ

Іплекте көздің жасы жанарына, Тар өмір төмір тор ғой саналыға. Тағдырдың тапқысында өткересің, Түскенде шырғауықтың шырғауына.

Жасыма, еш уақытта сынақтарға, Қол салма алдыменен ұнатқанға. Өмір деген шытырман адастарға, Көмерген жауабы жоқ сұрақтарға.

Білемін, саналының тозбасына, Жетерлік мақсатым бар өз басым. «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», Айналған өмірдегі жолдасым.

Төзе біл, төзе білгің ауыр сынға, Қиналдың ба, төзе біл, ауырсынба. Шорт кесілер, шалақ бол тамамдалар, Өмір шіркін, ұқсайды қауырсынга.

Сананды басқара бұл ақылменен, Өмірге адам жоқ қой, жақын менен. Өмір деген ақылдың ойыны ғой! Қатар ұста тігінін танымменен.

Солмасын санандағы нұрлы қадам, Серік бол ақ қағаз бен сырлы қалам. Адамдық қасиетті ұштастырған, Өмірден жолыңды тап, арлы адам!

Бағдаулет АЯҒАН



Қазақ халқында қыздардың көзбөтін келістіріп, бойына әсемдік беретін ұлттық киімдер шінде бас киімнің ерекше екенін білеміз. Қазақтың «дос аяғына қарайды, дұшпан басына қарайды» дейтін тәмсілі осыдан қалыптасқан болу керек. Өйткені бас киімнің үлгісі қыздарға айрықша көрік бөріп, оның жасалуында да өзгешелік бар. Бұлай дейтініміз, қазіргі таңда сенге айналған тақияны көріп көзіміз тор әмес. Бүгінгі жастардың киім кию үлгісі де өзгерген белгілі. Соған сәйкес бұл бастаманың жаңғыруы мен дамуы көңіл қуантады.

Себебі ұлттық нақыштағы бренд киімдердің арқасында салт-дәстүріміз және қазық қалпымыз сақталып, болашақ ескелең ұрпаққа аманат болатын дүниелердің бар екенін аңғарамыз. Бірінен кейін бірі трендке айналған ұлттық киімдер көздің жауын алады. Тақия қазақта ерлердің ғана емес, қыздардың да жеңіл бас киімі саналады. Әсіресе, қазаки

оюлар мен асыл тастармен безендірілген тақиялардың неше түрлісі сатылымда. Бағасы да арзан емес. Сонымен қатар халқымызда қыз-келіншектерге арналған бас киімдердің түр-түрі бар. Қыз-бозбалаларға, бойжеткендерге, келіншектерге, аналарға және үлкен әжелерге арнайылап тігілетін бас киімдердің атауы да басқаша. Олар – тақия, көмшат бөрік, сәукеле, кимешек. Оның бүгінгі күні қайта жанаруы турлі бағыттағы идеяларды тудырады емес пе? Иә, осы бағдарды уақытында пайдаланып, жоғалып бара жатқан ұлттық құндылығымызды қайта қалыптастырғанмыз абзал. Осыған орай тақия тігіп, көсібін дөңгелетіп отырган тіпшілігіміз көбеюде. Ұлттық нақыштағы киімдерді насихаттап жүрген

Жастардың киім киюдегі стилдері бөлек болғандықтан, заманауи үлгідегі киімдермен қазық тақияны үйлестіріп киіп алады. Маған қазіргі жастардың киім кию үлгілері ұнады. Сондықтан көз келген киімнің кескінін сызып бастағанда жастардың бағытына қарай әртүрлі қылып тігуді жөн көремін. Сонымен қатар киім тіктіруге келген жастар ерекше идеялар айтып, өзгешеленеді, – дейді жерлесіміз әрі тігін шебері Гүлайым Жармаханқызы. Көне түркі халқына ортақ

бүгінгі күнде де қалыс қалмауда. Өлемге танымал «LOUIS VUITTON» мен «GUCCI» брендтері сияқты біздің де асыл металмен киімдеріміз әшекейлеріміз сәнде. Мұнан өзге қамзолдар мен оюлы

көжекейлер, заманауи шапандар қыз-келіндер мен әжелердің ажарын арттырады. – Трендте қазақи тақияның шыққанына қуанамын. Себебі басқа кигенде қыздарға жарасымды әрі ыңғайлы өдемі болып тұрады. Кез келген киіммен үйлестіріп киіп аламын. Сонымен қатар бұл тақияны әртүрлі етіп сендеп, моншақтар тігіп алуға болады, яғни әркім өз қалауы бойынша. Мен ұлттық киімдерімді трендтен түспейді деп ойлаймын. Өйткені қазіргі кезде жастар ұлттық киімдерімді бағалы, сапалы, жарасымды екенін ұғынғандай. Сұраныс бар жерде сапа да артады, – деді Ұлболсын есімді қала тұрғыны.

Брендтен трендке ұласқан ұлттық киімдерімді шарықтауы толастамауын тілейміз. Жаңару мен жаңғыру жолында үнемі ұлттық киімдерім бен тағамдарымыз, салт-дәстүр, наным-сенімсіз де құндылығын жоғалтпаса екен. **Орақзұл ТЕМІРҒАЛИ**



ТРЕНД ПЕН БРЕНД

іскерлеріміз бұл жайында не дейді? – Бүгінгі таңда ұлттық киімдердің насихатталуы жоғары деңгейде. Сондай-ақ тақия мен қамзолға тапсырыс беретіндер саны артып, қолымыз босайды. Көбінесе наурыз мейрамы қарсаңында тапсырыс көбейеді. Қазір бір тақияның бағасы 4000-нан 5000 теңге аралығында.

Бірінші раундта Жәнібек әлем чемпионы атағы кімге тиелісі екенін анық аңғартқысы келді. Алғашқы үш минутта жерлесіміз жекпе-жек барысын өз қолына алып, ринг ортасын иемденді. Ал екінші раундты қос боксшы белсенді бастады. Әлімханұлы қарсыластың осал тұсын аңдып, дәл соққы бағыттай жүрді. Британ өкілі де арақидік жұдырық жұмсап үлгерген сәттер де болды. Үшінші және төртінші раунд Жәнібектің басымдығымен өтті. Бентлиді бұрыша тақап, төрт-бес соққыдан құралған әдемі комбинация жасады. Қарсылас қорғануымен ғана жүрді.

Келесі үш раундта Бентли батылды танытты. Өу баста қорқып жүргендей көрінген қарсылас Жәнібекпен тең деңгейде жұдырықтасуға ұмтылды. Көрсетері бар екенін аңғартты. Шабуылға шабуыл, соққыға соққымен жауап қатты. Ал, Жәнібек бапкерлер қанша ескертсе де, бір тактиканы қолданды. Сол қолымен жойын соққы бағыттайтын ұрымтал сәт іздеп жүрді.

Чемпионды үш раундтың алғашқысы тең өтті. Сол раундтан кейін Бадди МакГирт шөкіртінен бір сәт қана іздемей, джебпен жұмыс істеп, сериялы соққылар бағыттауын өтінді. Он бірінші раундты бапкердің айтқанын тыңдаған жерлесіміз белсенді өткізді. Соңғы үш минутта Жәнібек шаршыны көрінді. Нокаутпен аяқтайтын ой болғанымен, білекте күш қалмаған еді.

Міне, осылайша, көптен күткен кездесу

мересіне жетіп, қазылар алқасының ортақ шешімі нәтижесінде Жәнібек Әлімханұлы жеңіс тұғырына көтерілді. Бұған дейін қызықты нокауттарымен көрменге ықпалына берілген боксшы 12

Өткен аптада көптен күткен кездесу жүзеге асты. Кәсіпқой бокста Қазақстанның атын әлемге танытып жүрген Qazaq style – Жәнібек Әлімханұлы мен британиялық Дензел Бентлимен жұдырық түйістірді. Лас-Вегаста орта салмақтағы WBO тұжырымы бойынша өткен сайыс қызу талқыға түсіп, қазақ боксшысының мөрейді үстем болды.

раунд бокстасуға қауқарлы спортшы екенін сездірді. Яғни, Жәнібекті жеңіске жетелейтін етілік пен дәл соққы ғана емес, төзімділік пен алғырық екенін аңдадық.

Өрине, кездесу туралы көптің пікірі екіұшты. Бірі Qazaq style нокаутын күтсе, енді бірі қазақ боксшысының шаршағанын сөз етті. Ал Жәнібектің үшінші раундта жұдырықтасу тәсілін таңдағанын сайыстан кейін айтты:

ЖӘНІБЕК ТҮЖЫРЫМЫ



көрінді. Бүгін жиналған қауым да, жаттықтырушыларым да, өзім де өлі талай жұмыс атқару керегін түсіндім. Тыңғылықты дайындалып, бүгінгіден де күшті болып ораламын. Теледидар алындағы, спорт кешіндегі, жаппы мені қолдаған бүкіл қазақ еліне

«Чемпиондарға тура осындай он екі раундқа созылған қиын айқастар да керек. Қарсылас қатты таңқалдырды деп айта алмаймын. Оны өте құрметтеймін. Мені зерттеп, үлкен дайындықпен шыққаны

алғыс айтамын», – деді Жәнібек Әлімханұлы. Дегенмен Жәнібектің жеңісіне шек келтірген кәсіби маман болмады. Тіпті, Дензел Бентлидің өзі төрттер парашасында Жәнібекке жекпе-жек үшін алғыс білдіріп, Palms Casino Resort ойын-сауық кешінің сахна сыртынан видео жариялады:

«Бұл – менің кемшілігім емес. Қарсыласымның ойын өрнегін бағалап, кемшілігі неде екенін, алда соны ұтымды пайдалану үшін бастапқы раундтарда сылбыр жүрдім. Резанш алсам деймін. Менің 12 раундқа дейін баруымның өзі көп нәрсені байқатса керек. Мен Әлем чемпионы боламын деп ойладым. Қазылар алқасының шешімі ғой. Дегенмен бұл мені мойытпайды. Әлем чемпионы болғанша шаршы алаңда өнер көрсете беремін!»

Құрметтен басқа ештеңе жоқ, чемпион! «Қазақ стилі», керемет жекпе-жек үшін рақмет» – деді Дензел Бентли. Айта кетейік, Жәнібек Әлімханұлы әуесқой бокста 2013 жылы әлем және Азия чемпионы атанса, 2014 жылы Азия ойындарында жеңімпаз болды. 2016 жылдан бері кәсіпқой бокста сынга түсіп жүр. Дүниежүзілік бокс ұйымы (WBC) әлем чемпионы атағын сәтті қорғаған қазақстандық боксшының арманы – мықтыларды тізе бүктіру.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТҮРНИР ӨТТИ



Ел үздіктері анықталды. Алматыда үстел теннисінен жастар мен жасөспірімдер арасындағы республикалық турнир өтті. Бұл жарыстың ерекшелігі – кіл мықтылар қатысуында.

Қазақстан рейтингіні алдыңғы оңдығына кірген ұл-қыздар ғана өнер көрсетуге мүмкіндік алды. Нәтижесінде 18 жасқа дейінгілер арасында елордалық Тимофей Герасименко алдына жан салмай, жеңімпаз атанды. Ол 14 ойынның 11-інде жеңіске жетті. Үздік үштікті Алматы мен Қарағанды спортшылары түйіндеді. Қыздар арасында тағы бір қарағандылық Жанерке Көшімбаева топ жарды.

Айта кету керек, күміс пен қола да дәл осы өңірдің өкілдеріне бұйырды. Ал 15 жасқа дейінгілер бөлекесінде шымкенттік Қасым Нұрислам мен астаналық Елизавета Лаврова бірінші орын алды. Қызым 15 кездесудің барлығында жеңіске жетсе, Елизавета 14-інде қарсыласынан басым түсті. Енді үздік теннисшілерден ұлттық құрама жасақталып, алдағы халықаралық жарыстарға дайындықты бастайды.

ҚОРЖЫНДА – 10 МЕДАЛЬ



Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында самбодан ерекшелер арасындағы Әлем чемпионаты өтті. Үш күнге созылған бәсекеде Қазақстан құрамасы 10 рет жеңіс тұғырына көтерілді. Яғни, ел намысын қорғаған спортшылар 3 күміс пен 7 қола жеңіп алды. Әсіресе соңғы жарыс күні жауынгерлік самбодан 71 келіге дейінгі салмақта Әсет Анарбаев финалға дейін жетіп, атық айқаста израильдік Таризль Аббасовқа есе жіберді. Ал 88 келіге тағы бір қазақстандық Әлібек Саметаев жарышты финалда сүрініп, қоланы қанағат тұтты.

Әйелдер арасында аса ауыр салмақтағы Арайлым Әбенова да жарытпай финалда грузин спортшысына жол берді. Қола медаль жолында түркіменстандық қарсыласын ұтты. Оның алдында Ділшә Құрышбаева, Арнұр Қуатай және Мирас Уәлиевтер өз салмағында үшінші болған еді. Ал алғашқы жарыс күні Қайырберді Айдынбай мен Асылбек Смайылов күміс, Гүлдана Әлмұхамбетова мен Райхан Мәди қола жүлделер атанды. Нәтижесінде Қазақстан жалпыкомандалық есепте 9-шы сатыға тұрақтады.

МЫСЫРДАН ЖЕТКЕН ЖАҒАЛЫҚ



12-13 қараша аралығында Мысырда өткен халықаралық турнирде Қазақстанның грек-рим күресінен палуандары жалпыкомандалық есепте бірінші орын иеленді.

Аталған жарыс туралы Қазақстанның грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының баспасөз қызметі хабарлап, спортшылардың жеңісін сүйіншіледі.

Ресми дерекке сәйкес, сайыста Дастан Зарлықханов, Дінмұхамед Қошар, Сұлтан Әсетұлы, Данияр Қаленов, Абылайхан Әмәев және Ерасыл Нұрбосынов, Демей Жадрәев, Азат Салдықов секілді саңлақтар ел намысын қорғаған.

Нәтижесінде Қазақстан құрамасы командалық есепте I орын алды. Ал II орын Мысырға бұйырса, III орынды Ирак құрамасы еншіледі.

Жуырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау облысына жұмыс сапары кезінде: «Көп шығынды талап өтейтін шахмат, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, садақ ату, қазақша күрес, тағы басқа спорт түрлерін дамытқан жөн. Бұл қадам, ең алдымен, балаларымызды теріс әдеттен алыстатады және спорт залдарының тапшылығын азайтуға мүмкіндік береді. Әкімдікке осы шаруаларды пысықтауды тапсырамын», – деген болатын. Көп шығынды қажет өтейтін спорт түрлеріне садақ ату, қазақ күресі секілді спорт бағытының енуі тегін емес. Себебі соңғы жылдары аталған ұлттық сайыс түрлері қарашан дамып, сұраныс артқан. Түрлі деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылып, кәсіби шеберлер саны артты. Осы орайда «Садақ атуды дамыту қалай жүрде, жетістік қайсы?» деген сауалға жауап іздеп көрейік.

Қазір әлем бойынша қырыққа жуық ел ату үстінде садақ атуды дамытуда. Қазақстан да алдыңғы қатарда. Сала спортшылары бірнеше халықаралық жарысқа барып, ату үстінде садақ ату техникасы төңірегінде тәжірибе алмасуда. Шетелдік мамандардың қызығушылығы да жоғары. Себебі қазақтың садақ ату стилі күрделі. Басқа елдерде садақшы мен жылқы ғана қозғалып, нысана қозғалмайтын болса, бізде жамбы да, садақшы да қозғалады. Бұл тек қана аттың үстіндегі мығымдық пен садақты дұрыс ұстауды ғана емес, үнемі қозғалыс үстіндегі нысананы дәл көздеуді, қызығалықпен талап етеді. Сондықтан спорт тұрғысында садақ атудың маңызы мен мәні жоғары.

Жалпы көбісі классикалық садақ ату мен дәстүрлі садақ атуды шатастырады. Екеуінің басты айырмашылығы,

классикалық садақ ату – олимпиадалық спорт түрі. Ондағы басты талаптың өзі классикалық үлгіде. Дәстүрлі садақ атуға мүлдем сай келмейді. Ережесі бөлек. Садақтың жасалу жолы да өзгеше. Ал дәстүрлі садақ біздің ата-бабаларымыздан қалған өнеге. Олардан қалған өнерді деріптеу, Салттымызды қайтадан жаңғырту қазіргі таңда қарқынды дамуда. Дәстүрлі садақ атудың жай жапсары туралы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының басшысы Исламбек Салжанов былайша пікір білдірген еді.

«Дәстүрлі садақ ату Қазақстанда 90-жылдары басталды. Соңғы 4-5 жылда бұл спорт түрі ұлттық дәрежеге көтерілді. Бүгінгі чемпионат Маңғыстау облысында алғаш рет өтуде. Қазір бұл спортқа мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлініп жатыр. Бұл спорт түрімен 7 жастағы бала да, 70 жастағы қария да айналыса алады. Ол өлі де өзінің лайықты орнын алады деп ойлаймын. Бұл

ойынында еліміздің садақшылары екінші орын алды. Бес елдің ішінде Қазақстан екінші орын алып, 3 алтын, 2 күміс, 3 қола медальмен оралды», – дейді.

Аталған спорт түрі ұлттық болмысқа жакын болғанымен, өзге ұлттың бәріне ортақ құндылыққа жуықтас. Содан болар, садақ ату өнеріне қызығушы халықтар саны жылдан жылға артып келеді. Бұл бағыттағы байқаулар Түркия, Қырғызстан, Қазақстанда кең дамыған. Мәселен, жуырда Маңғыстау облысында дәстүрлі садақ атудан жастар арасында республикалық чемпионат өтті.

Орайы келгенде Ұлттық спорт қауымдастығы туралы айта кеткен жөн секілді. Бүгінде қауымдастық тек садақ ату емес, өзге де ұлттық спорт түрінің дамуына үлес қосуда. Қауымдастық құрамына 7 спорт түрі және 6 федерация кіреді. Дәстүрлі садақ ату осы жеті спорт түрінің ішіндегі бұқаралық

Ал дәстүрлі садақ атуға қолында садақты мен жебеп болса, жетіп жатыр.

Дене бітімінің сымбатты болуы үшін пайдалы. Сабырлы мінезді қалыптастыруға, өзін-өзін тәрбиелеуге, болға сенімділік ұялатуға көмектеседі. Шетелге шыққанымызда біздің садақ ату машығымызға бәрі қатты таң қалды. Қазақстанда бұл спорт түрі екі жылдан бастап қарқынды дамуда. Олар садақшылардың дәстүрлі садаққа махаббатына қызығушылық танытып, біздің елдің садақ атудан әлемдік деңгейге көтерілуіне сенетінін айтты, – дейді Қазақстан бойынша дәстүрлі садақ ату федерациясының вице-президенті Диас Ахметов.

Жалпы аттың үстінде отырып садақ атумен, жерде тұрып садақ ату – тамырлас дүние. Шетелде де екі спорт түрін қатар дамытады. Қазақстан да аталған үрдісті ескеріп, түрлі ат-спорт клубы мен садақ ату орталығының санын көбейтуде.



ЖӘДІГЕР СПОРТТЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

спортты әлемдік деңгейге шығаруға дайынбыз, ол үшін жан-жақты қолдау білдіреміз. Жақында Түркияда өткен көшпенділер

сипатқа көбірек таралуға мүмкіндігі бар, потенциалы жоғары спорт. Көп жерде жылқымен қамтамасыз ету қиын болуы мүмкін.





«KAZROBOSPORT-2022»: БӘСЕКЕ МЕН БЕЛЕС

Жуырда Астана қаласында қазақстандық білім беру және спорттық робототехника «Казроботикс» федерациясының «KazRoboSport – 2022» республикалық чемпионаты өтті. Білім саласында алдына жан салмайтын жүрісімен айналып, адам өмірін жеңілдетуге түсетін құрылғылардың көз ілесес жылдамдығымен таралуы дәлел. Осындай қарқынмен техника дәуірі дамыған тұста қазақ жастарының да қалып қалмайтыны анық. Жан-жақты ізденуді, білім алуды көздеген олар тың жобаларды дүниеге әкелуде. Олардың қатарында Қызылордалық жастар Раушанбек Бейбарыс пен Оралбек Абдуллаев та бар.

Байқауда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кафедрасының білім алушылары да бақ сынады. Сыр өңірінің сенімін ақтауды мақсат еткен Раушанбек Бейбарыс пен Оралбек «Робо-сумо 10×10» категориясы бойынша жүлделі 3-орынды қанжығасына байлады.

Қызылорда қалалық оқушылар сарайының «Робототехника» үйірмесінің жетекшісі, қазақстандық «Казроботикс» білім беру және спорттық робототехника федерациясының Қызылорда облысы бойынша өкілі Раушанбектің жетістік жолы қарсыластарына үлгі. Қазір университеттің тәртіпін курсанда білім алып жүрген ол байқаудағы қарсыластарының осал болмағанын айтады.

– Мен 2015 жылдан, яғни 8 сынып оқып жүрген сәттен бастап оқушылар сарайында робототехника үйірмесіне қатысып, түрлі жарыстарда бақ сынадым.

Жуырда қазақстандық «Казроботикс» білім беру және спорттық робототехника федерациясының ұйымдастыруымен тартысты жарыс өтті. «Робо-сумо 10-10» категориясы бойынша робот әзірлеуге төрт айға жуық уақыт жұмсадық. «Робо-сумо» бағытының өз ережесі мен талабы бар. Негізгі ереже бойынша екі робот диаметрі 75 см шеңбер ішінде бір-бірін итеріп, шеңбер сыртына шығарып тастауы керек. Бұл жарыста роботтың күші мен жылдамдығы ескеріледі, сондықтан дайындықтың алдын ала дұрыс ойластыру қажет. «Робо-сумо» категориясы бойынша 17 облыстан 10 команда қатысты. Қарсыластарымыз өте мықты болды, әсіресе Алматы қаласы мен Маңғыстау облысының командалары үздік шығып, I-II орынды иеленді. Жарыс тартысты өтті десем қателескенім емес. Жол жүру билетімізді, жарыс кезіндегі қонақ үй қызметін «Казроботикс» федерациясы қамтамасыз етті. Мұның бәрі біз үшін үлкен қолдау болды. Жарыс барысында түрлі білім алаңдарын аралап, жан-жақты танысып үлгердік. Мысалы, жарыс алдында Астана қаласының облыстық оқушылар үйіне аялдадық, ал чемпионат «Қалдыр Мырза Әлі атындағы Binom мектебінде» ұйымдастырылды. Жарыс аяқталғаннан кейін маралаптау рәсімі «Astana-hub-та» өтті. «Назарбаев университеті» мен «Astana-IT» университетіне барған сапарымыз бізге үлкен тәжірибе болды.

– Айтпақшы, Раушанбек алдағы уақытта робототехника жарыстарына өзі қатыспайды. Есесіне бәсекеге толы байқаулардан Раушанбек дайындаған оқушыларды көретін боламыз. Бұл білімді жас үшін тағы бір үлкен жауапкершілікке толы белес болары сөзсіз.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Өнімге деген сұранысты арттырудың бұл жолына байландаңдар көп, ал жарнама жасайтын-дар өз. Осы орайда 2021 жылы қызылордалық жеке кәсіпкер Алтын Ойранова «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарнамадағы маңызды өндіріс фотосуреттерін шығару үшін Mimaki cju 150-160 экологиялық таза жадығын сатып алды. Қыр-сыры көп қырылып – жарнамалық және ораушы өнімдерді, фото тұсқағаздарды өндіруге арналған заманауи машина.

Алтын Ойранова басқаратын Қызылорда қаласында орналасқан агенттік сыртқы және ішкі интерьер жарнамаларында, автомобиль графикасында, қаптама мен затбелгіде, көрме және көлік жарнамаларында, тұсқағаздарда, фотосуреттер мен репродукцияларда өте қанық түстермен, түрлі форматта баспа қызметінің кең спектрін ұсынып келеді. Бизнес жобаның идеясы қалай келді?

«Қазір фотосурет шығаратын орындар, жарнама агенттіктері көп. Алайда олардың өнімдерінің сапасын, денсаулыққа зиянды тұстарын қарапайым халық түсіне бермейді. Себебі бизнесті бастанан адамға байланысты. Қажетті құрылғыларын қайдан алатынын өзі шешеді ғой. Осылайша фотосурет саласына қызығып, зерттеп қарағаннан кейін «экологиялық таза фото тұсқағаздарын неге шығармасқа?!» деген ой келді.

Бұл жобаның басты инновациялық ерекшелігі – жоғары сапалы,

Нарықтың нақты құралы маркетинге айналғанда жарнамаңың қай түрі болсын маңызға ие. Соның ішінде сыртқы жарнама – тауарға сұранысты арттыру немесе қызметтерді жылжытудың тиімді әдісі ретінде бағаланып келеді. Сондықтан жарнама жасау, өзінің өнімін ұсына білу қазіргі таңда кәсіпкерліктің қай түрі үшін де сұраныста.



ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАСАЛҒАН: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМ

кедергісіз жұмыс істеу үшін алдын ала кесу бар.

– Қазір әлеуметтік желі арқылы қаладағы жаңа бизнес-жобалармен танысып, қарап отырамыз. Жаңа заман ағымына қарай түрлі сервис түрлері жанданып келеді. Соның ішінде өзіміздің қалада экологиялық фото тұсқағаздары шығарылып жатқанын естігенде танданып қалғанымыз рас. Жұмысыма қатысы жоқ болса да, отбасымызбен түскен фотоларды үлкен форматта шығарып, үйге іліп қойғанды жақсы көреміз. Сондықтан фотостудияларға, жарнама агенттіктеріне жиі барамын. Ал мына жаңалықты естіп, шынымен қуанып қалдым. Өйтпесе, осы уақытқа дейін фото тұсқағаздарының экологиялық зияны болуы мүмкін екенін де қалереге ілмептіз, – дейді қала тұрғыны Азат Рахманұлы.

Айта кету керек, аталған жарнама агенттігі қажеттілікке қарай жапсырмаларды, қаптамааларды, плакаттарды, жарнамалық тақтайшаларды, көрсеткіштерді, белгілерді, жарық қорықтарын, көлемді әріптерді де басып шығарауда.

Дина БӨКЕБАЙ

Тоқты
Жеке өміріңізге қатысты әлдебір мәселені шешуге тура келеді. Сейсенбі күнгі іс-әрекеттеріңізді қысқартып, жинап жүрген ақшаңызды жаратпаңыз. Жұмада ешкімге сыр ашпаңыз. Демалыс күндері үй шаруаларымен айналыңыз.

Торпақ
Жұмысыңыз азаяды. Бұл онша жақсы емес, себебі ақшадан таршылық көре бастайсыз. Сәрсенбіден бастап бәрі реттеледі. Балаларды бір сәтке назардан тыс қалдырмаңыз.


Егіздер
Біраз бұрын қолға алған жобаның табыс әкеле бастайды. Бейсенбі күні кез-келген құжатқа көңіл қойып, келісім жасауға болады. Отбасында біраз түсінбеушіліктер болуы мүмкін. Демалыста спортпен айналысқаныңыз жөн.

Шаян
Жақын адамдарыңыз үшін жиі уайымдайсыз. Оны жайына жіберіңіз, әрім өз тағдыры үшін өзі жауапты. Достармен басқосуды сейсенбіге белгілеңіз. Өзіңге жаңа іс бастамағаныңыз дұрыс.

Арыстан
Өміріңізді өзгертемі деп қате қадам жасауыңыз мүмкін. Өзіңізге, ақшаға келгенде ешкімге сенбеңіз. Дау-дамайдан қорықпаңыз. Тек солай ғана сіз өз дегеніңізге жетесіз.

Бикеш
Жұмыс іздегендердің де жолы болмақ. Демалыс күндері үйден шықпай, уақытыңызды өзіңіз ұнататын хоббиіңе арнаңыз. Денсаулыққа көңіл бөлуді ұмытпаңыз.

Таразы
Ештеңеге алаңдамай, мақсатқа ұмтылыңыз. Себебі, қаржылай қолдау тауып, сәттілікті серік етер күн жақын. Сейсенбі күнгі кездесу елеулі нәтиже береді. Отбасында бір қуаныш болмақ. Жеке өміріңізде мамыражай күндер орнайды.



Сарышан
Жеке өміріңізде де, жұмыста да бір орында тұрып қалғаныңызды байқап, жаңа сатыға аяқ басуға ұмтыласыз. Сәрсенбі күні ұсақ қиындықтарға назар аудармаңыз. Бейсенбі күні барлық жоспарыңыз өзгеруі мүмкін.

Мерген
Барлық жағынан сәтті апта. Сіздің қызметіңізге сұраныс артып, бөделіңіз де, табысыңыз да өсе түседі. Сейсенбі күнгі таныстық табысты серіктестікке ұласады.

Тауешкі
Соңғы кездері өзгенде бұрын өзіңізді көбірек ойлайтын болып жүрсіз. Бұл балаларыңызға кері әсерін тигізуі мүмкін. Қызметте өсу мүмкіндігі бар. Тек қаржылық жағдайыңыз өзіңізге жақсара қоймайды, ақшадан тартып қауіп бар.

Сұққұйғыш
Апта бойы өзіңізге қатысы жоқ шаруаларға араласпағаныңыз дұрыс. Уақытыңыздың басым бөлігін жеке тұлғалық дамуға арнаңыз. Бұл сіз үшін жаңа мүмкіндік болмақ.

Балық
Бұл аптада асықпаңыз, сонда көп нәрсе тындырасыз. Сәрсенбіде әрі қалағаныңызды сатып аласыз, әрі жақсы демалуға мүмкіндік бар. Жақшындарыңыздың қуанышын бөлісіңіз.

Көпестік редактор: Г. ЖИМАНДИН

АҚМЕШІТ жастары		
Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		
<p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ</p> <p>Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10</p> <p>БАС РЕДАКТОР Мелдір ҚАЛЫМБЕТ</p>	<p>Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p> <p>Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz</p>	<p>Таралымы: 7399 Тансырыс: 1940</p>
<p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.</p>		